

Н. АБДЫРАҚЫН 

*PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nurhalyk76@gmail.com*

ҚЫТАЙДАҒЫ «ТАМЫРЫН ІЗДЕУШІЛЕР ӘДЕБИЕТІ» ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Аңдатпа. 1985 жылдан кейін Қытайдың әдебиет саласында өте үлкен өзгеріс пайда болды. Сол жылдары қытай әдебиетінде сын жанры өте қатты жанданды, әсіресе қытай жазушылары батыстық әдеби теорияға, батыс қоғамының жаңаша ойлауына мән берді. 1985 жыл әдебиет теориясы жылы, әдебиет әдістемесі жылы, мәдениет жылы деуге болатын табысты жыл болды. Сол кезде жазушы Хан Шаугүң «Жазушы» журналының №4 санында «Әдебиет тамыры» атты мақаласын жариялады. Аталған мақалада «әр ұлт әдебиетінің тереңінде жатқан өз тамыры болады, сол тамыр әркімнің туған жерімен тікелей біте қайнасады» деген сөзі ұран болып, әр жазушы өзінің түп тамырын іздеумен айналысты. Осы ұран арқылы Қытайда «Тамырын іздеушілер әдебиеті» қалыптасты. Бұның арғы негізі Цин династиясы Гуаң Шүй патша кезінде 1875 жылы Қытайдан 120 студент шетел асып, Батыс мәдениетін, ғылымын игере бастады. Ендігі кезекте қытай жеріне келіп орныққан миссионерлер мен шетелде оқыған қытай студенттері Батыстың діни, тағы басқа бағыттағы кітаптарынан 160-ын жан сала аударуда. Осылайша, Қытайдың дәстүрлі мәдениеті соққыға ұшырап, тоқырау күйіне түсті, қытайлардың ойлауында, дүниетанымында өзгеріс пайда болды.

Бұл мақала «тамырын іздеушілер» әдеби тенденциясы жайлы түсінік беріп, аталмыш бағыттың қытай әдебиетінің дамуына, қытайдың ұлттық болмысын табуына, жаңа қытай ұлтының қалыптасуына тікелей және жанамалай тигізген әсеріне тоқталады, аталмыш әдеби үрдістің әдебиеттегі рөлі туралы талдайды.

Кілт сөздер: тамырын іздеу, әдебиет тенденциясы, әдебиет ағымы, жаралы әдебиет, кері ойлау.

N. Abdyrakyn

*PhD, Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nurhalyk76@gmail.com*

The Literary Trend of “Root Seekers” in China

Abstract. After 1985, very big changes took place in the field of Chinese literature. In those years, the spirit of criticism in Chinese literature was significantly revived, especially by Chinese writers who drew attention to the theory of Western literature and the new way of thinking about Western society. 1985 was a successful year, which can be called the year of literary theory, the

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Абдырақын Н. Қытайдағы «Тамырын іздеушілер әдебиеті» тенденциясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №3 (133). – Б. 73–83. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.74>

***Cite us correctly:**

Abdyraqyn N. Qytaidagy «Tamyryn izdeushiler adebieti» tendenciasy [The Literary Trend of “Root Seekers” in China] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2024. – №3 (133). – B. 73–83. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.74>

Мақаланың редакцияға түскен күні 03.04.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

year of literary methodology, and the year of culture. At this time, the writer Han Shaungung published an article in the fourth magazine “Writer” entitled “The Roots of Literature”. In this article, appeared the slogan “Every nation has its roots, which lie deep in literature, and this root is directly related to the place of birth of each person”, every writer was engaged in tracking its roots. Under this motto, the “Literature of the Seekers of Roots” was formed in China. The reason for this is that in 1875, during the reign of the Qing Dynasty, 120 students from China went abroad and began to study Western culture and science. Now it's time for missionaries and Chinese students who have settled in China to translate 160 Western religious and other books. Thus, traditional Chinese culture has been hit and stagnated, and there have been changes in the way of thinking and worldview of the Chinese people.

This article gives an idea of the literary direction of the “seekers of roots”, and focuses on the direct and indirect influence of this direction on the development of Chinese literature, the disclosure of Chinese national identity, the formation of a new Chinese nation, analyzes the role of this literary direction in literature.

Keywords: Search for roots, literary trend, literary movement, distorted literature, retrospective thinking.

Н. Абдыракын

*PhD, доцент Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: nurhalyk76@gmail.com*

Литературная тенденция «Искателей корней» в Китае

Аннотация. После 1985 года в области китайской литературы произошли очень большие перемены. В те годы значительно возродился дух критики в китайской литературе, особенно китайские писатели обратили внимание на теорию западной литературы и новый образ мышления западного общества. 1985 год стал успешным годом, который можно назвать годом теории литературы, годом литературной методологии и годом культуры. В это время писатель Хан Шаугунг опубликовал в четвертом журнале «Писатель» статью под названием «Корни литературы». В этой статье прозвучал лозунг «каждый народ имеет свои корни, которые лежат глубоко в литературе, и этот корень непосредственно связан с местом рождения каждого человека», отслеживанием его корней занимался каждый писатель. Под этим девизом в Китае сформировалась «Литература искателей корней». Причина этого в том, что в 1875 году, во времена правления династии Цин, 120 студентов из Китая уехали за границу и начали изучать западную культуру и науку. Теперь пришло время миссионерам и китайским студентам, обосновавшимся в Китае, перевести 160 западных религиозных и других книг. Таким образом, традиционная китайская культура подверглась удару и стагнации, а также произошли изменения в образе мышления и мировоззрении китайского народа.

В данной статье дается представление о литературном направлении «искателей корней», акцентируется внимание на прямом и косвенном влиянии этого направления на развитие китайской литературы, раскрытие китайской национальной идентичности, формирование новой китайской нации, анализируется роль этого литературного направления в литературе.

Ключевые слова: поиск корней, литературная тенденция, литературное течение, искаженная литература, ретроспективное мышление.

Кіріспе

1979 жылдың қазан айының соңы мен қарашаның басында «繁荣文艺创作- әдебиет-көркемөнерді дамыту» тақырыбында төртінші кезекті әдебиет конгресі шақырылды [1]. Чжоу Янның баяндамасында социалистік әдебиет пен өнерді одан әрі дамыту туралы ұсыныстар айтылды және осы кездесуде Дэн Сяопин соңғы бірнеше жыл ішінде жазылған жақсы әдеби және көркем шығармаларды жоғары бағалады. Бұл жазушыларды шығармашылық процесте «не жазу керек және қалай жазу керек?» деген сұрақтарға итермелеп, оң рөл атқарып, жазушылыққа қамшы басу болды. 1980 жылы партияның Орталық Комитеті «文艺为人民服务, 为社会主义服务 - әдебиет пен өнер халық пен социализмге қызмет етеді» [2] деген жалпы ұранын ұсынды. Осы ұрандардан кейін қытай әдебиетшілері «жаңа әдебиет» жасауды ойластырды. Міне, осы тарихи оқиғадан қытай әдебиетінде «伤痕- жаралы әдебиет», «反思- кері ойлау» әдебиеті сынды әдеби тенденциялар қалыптасты. Одан соң «寻根文学 -тамырын іздеушілер» әдебиетіне ұласып, қытай әдебиетінде үлкен өзгерістер басталды. Тарихи оқиға ретінде 1984 жылы қарашада Ханчжоуда (杭州) өткен «新时期文学的回顾与预测 - Жаңа дәуірдегі әдебиет: шолу және болжау» конференциясы үлкен маңызға ие. Осы конференцияда осы заманғы әдебиет қай бағытқа бет бұру керек, әдебиетте қандай тақырыптар көтерілу керек сынды сұрақтар талқыланып, ұсыныстар айтылды. Кездесуде 1985 жылдан кейінгі тілдік мәселелер, релятивизм, даосизм және мәдени дәстүрлер, сондай-ақ модернизм сияқты көптеген өзекті тақырыптар қозғалды. Пікірталасқа қатысушылардың өзі сол кезде зерттеген мәселелер «мәдени төңкерістен» кейінгі Қытайдағы ең маңызды әдеби құбылыс болатынын түсінбеген еді. Қатысушылар негізінен жас және орта жастағы жазушылар мен сыншылар, негізінен Хан Шаогун (韩少功), Ли Туо (李拓), Чжэн И (郑义), Ачең (阿城), Ли Ханю (李杭育), У Лиан (吴亮), Ли Чиңси (李庆西), Ли Хоңчжэн (季红真), Хуаң Цзыпин (黄子平), Сюй Цзэдун (许子东), Чэн Сыхэ (陈思和) сынды әдебиет өкілдері қатысып, кейінірек олар «知青作家» – Білімді жас жазушылар деп аталды. Ол жазушылар өздерін толғандыратын әдеби мәселелерді ортаға салды және әдебиеттің қазіргі жағдайы және болашақта не жазу керектігі туралы өз пікірлерін білдірді. Осы кездесуде бәрінің ойы – мәдениет және көркемөнерді әдебиетке енгізу, сонымен қатар Батысқа еліктеуді доғару, адам өмірін жақсылап зерделеп, тереңдете жазу, сонымен бірге «Қытай проблемасына» көп көңіл бөлу керек десті. Кездесу барысында А Чэнның «棋王 - Шахмат королі», Г. Маркестің «百年孤独 - Жүз жылдық жалғыздық» және Ма Юанның «冈底斯的诱惑 - Гаңдистің азғыруы» сынды шығармалар көпшіліктің назарын аударып, талқыланды. Жазушылар әдебиетті ұлттық мәдениетті білдіретін құрал ретінде қолдануға шешім қабылдап, олар әдебиет саласындағы Нобель сыйлығын алған «百年孤独 - Жүз жылдық жалғыздық» еңбегіне көбірек назар аударды. «Жүз жылдық жалғыздық» романы Қытай жазушыларын Латын Америкасы мәдениетінің сиқырлы өрнегімен таң қалдырды, сонымен қатар олар өздерінің танымал және дәстүрлі мәдениетін осы романға сүйене отырып зерттей бастады. Осылайша, Латын Америкасындағы сиқырлы реализмді салыстырмалы зерттеу аймақтық мәдени зерттеулердің тағы бір бағытын қалыптастырды. Мысалы, Дэн Нан (邓楠) жаһандану жағдайында ұлттық әдебиет пен ұлттық мәдени сәйкестіліктің болуын ортаға салды, содан кейін олардың арасындағы айырмашылықтарды теориялық инновациялар, метафоралық және символдық әдістерді қолдану, әңгімелеу әдістеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар тұрғысынан зерттеді және дінге деген өз көзқарасын білдірді. Тарихи жағдайлардың шектеулеріне байланысты, «Жүз жылдық жалғыздықты» қабылдау барысында қытай жазушылары жазу дағдылары мен тақырыпты таңдауға тым көп көңіл бөлді және ұлттық мәдениеттегі үлкен жетістіктерін білдіру үшін қолданған әдістерін терең түсіну олар үшін жаңа сынақ болды.

Дегенмен, қытай жазушыларының көкейінде «Жүз жылдық жалғыздық» романы секілді Нобель сыйлығын жеңіп алу деген мақсат тұрды.

Зерттеу әдістері

Мақалада қолданылған зерттеу әдістері: 1) баяндау (сипаттау) әдісі: «тамырын іздеушілер» әдеби бағыты мен оның ерекшелігін айқындау; 2) жүйелеу әдісі: аталмыш әдеби үрдісті топқа бөліп талдау; 3) салыстырмалы талдау әдісі: «тамырын іздеушілер» әдеби бағытында қалам тартқан атақты жазушылар шығармасының ішкі рухы, тілін талдау.

Талдау мен нәтижелер

1985 жылдан бастап қытай жазушылары «мәдениет» және «ұлттық тамыр» туралы теориялық мақалалар жариялады. Олар қытай әдебиеті әлемдік әдебиетпен диалог жүргізу үшін мәдениеттануда кең және терең түрде мәдени қазбаларға негізделуі керек деп санады; Модернизация процесінің әсері оларды ұлттық мәдени рухтың «шығу тегін» (заттардың «тамырын») іздеу дәстүріне қазіргі көзқараспен қарауға мәжбүр етті. Өткен әлеуметтік және саяси себептерге байланысты бүлінген ұлттық рухты қалпына келтіріп, «модернизация» процесінің берік негізін қамтамасыз ету керек деген тұжырымға келді. Хан Шаогун (韩少功) – бұл әдеби бағыттың белсенді қатысушыларының бірі. Ол алғашқылардың бірі болып өзінің «文学的“根”-Әдебиеттің тамыры» атты мақаласын 1985 жылы жариялады. Жазушының осы мақаласын әдеби сыншылар жаңа әдеби қозғалыстың «декларациясы» ретінде қарастырады. Хан Шаогун мақалада: «文学有“根”，文学之“根”应深植于民族传统说文化土壤里，根不深，则叶难茂-әдебиеттің тамыры бар және әдебиеттің тамыры ұлттық дәстүрлі мәдениеттің терең тамырында, тамыр терең болмаса, жапырақтың өсуі қиын», - деп жазды [3].

Осыдан соң әдебиетте «тамыр іздеу» тенденциясын насихаттаған мақалалар бірінен соң бірі жарияланды. Атап айтып кетер болсақ, Чжэн Ванлунның «我们的根-Біздің тамырымыз», Ли Ханюйдің «理—理我们的“根”- Біздің тамырымызды рационализациялау», Ачыңның «文化制约着人类-Мәдениеттің адамзатты шектеуі» және Чжэн Идің «跨越文化断裂带-Мәдениеттің кемшіліктерін толтыру» сынды, тағы басқа мақалалар [4]. Сол кезде қалыптасқан тамырын іздеушілер әдебиеті жаңа жаһандану заманында қытайлықтарға керек азық болды. Тамыр іздеу әдебиетінің тарихы өте күрделі. Қарапайым сөзбен айтқанда, бұл әдеби бағыт пайда болатын аймақ бұрынғыдан мүлдем өзгеше. Әдеби шығармалар мен құбылыстарды түсіндірген кезде, біз неғұрлым толық түсіну үшін оларды кеңірек контексте қарастыруымыз керек. Тамыр іздеген әдебиетке басында Қытайдың мәдениетіне батыстық заманауи ойының жан-жақты әсер ету кезеңін бастан өткерді. Реформалар мен ашықтық материалдық өркениетте айтарлықтай прогреске әкеліп қана қоймай, батыс қоғамына Қытайға XVIII-XIX ғасырлардағы классикалық әдеби және көркемдік тенденциялардан XX ғасырдағы әртүрлі модернистік және постмодернистік теорияларға еруге мүмкіндік берді. Бұл қытай әдебиетінің қазіргі заманын анық көрсетті, сонымен бірге бұл қытай туралы батыстық ойлау тенденцияларының әртүрлі алаңдаушылықтарына байланысты күрделене түсті.

Тамырын іздеушілер әдебиетін ерекшеліктеріне, уақытына қарай үш топқа бөліп қараймыз:

1-топ. «Мәдени төңкерістен» кейін ұлттық мәдениеттің негіздерін қайта түсіну және ретке келтіру, сонымен қатар қазіргі революциялардың дәстүрлі қытай мәдениетіне келтірген зияны туралы талдауды негізге алған әдебиетшілер. Өкілдік авторлар – Цзя Пинва және Чжун Ачың.

2-топ. Екіншісі – дәстүрлі мәдениет пен ұлттық психологиядағы қазіргі саяси толқулардың терең тамырларын зерттеу. Ең типтік шығармалар – Хан Шаогунның «爸爸» және Ван Аньдидің «小鲍庄».

3-топ. Әлеуметтік модернизацияның дағдарысында «ұлттың тамырын» немесе «моральдық аураны» табу, қазіргі қалалық мәдениеттің қатыгездігін және адамның рухани құндылығының дилеммасын сақтау сынды тақырыптарды көтеру. Өкілдері: Чжэн Ванлон, Ли Ханюй және де Мо Янның, Чжан Чжэнчжының еңбектері осы үшінші топқа сай [5].

Міне, осылай тарихы оқиғаларға байланысты «тамырын іздеушілер» тенденциясының құрылуына алғышарттар жасалып, 1984 жылы ресми түрде тенденцияның негізі қаланды. Біз жоғарыда «тамырын іздеушілер» тенденциясының қалыптасуының алғышарттары, тенденциясының қалыптасуы, оның сыртқы және ішкі мотивациясын, Қытай әдебиетін «модернизациялау» үлгісін, тамырларды іздеуге бағытталған әдебиетшілердің сыни көзқарастарымен және зерттеулерімен қатар, тенденцияның кезеңдік әрі формалық ерекшелігін анық байқай аламыз.

XX ғасырдың соңғы екі онжылдығы, сөзсіз, Қытайдағы ең маңызды дәуірлердің бірі болды. Осы қысқа жиырма жыл ішінде халықаралық ғылымның, техниканың және ақпараттың жоғары даму деңгейімен және экономикалық интеграция тенденциясының көрінісімен «жаһандану» қарқыны тез қарқынмен өсуде. Реформалау мен ашықтыққа ұмтыла отырып, Қытай ұзақ уақыттан кейін сыртқа есік ашты, урбанизация қарқынын жеделдетті және жаһандану сын-тегеуріндеріне жаңаша көзқараспен қарады. Процесс барысында адамдар барлық бұрыштардан көптеген халықаралық мәдени ақпаратты қабылдады, олардың ақыл-ойлары босатылып, тұжырымдамалары жаңартылды. Саясатта да, экономикада да, идеологиялық және мәдени жетекші қалаларда да тарихта терең революция болды, нәтижесінде дәстүрлерден мүлдем өзгеше көптеген сапалы факторлар пайда болды.

Жаһандану жағдайында қытай әдебиетіне еріксіз халықаралық мәдениет әсер етеді. Қазіргі заманғы батыстық философиялық ой мен модернистік әдеби ойдың ағынымен қазіргі сана жазушылардың идеологиялық санасына ене бастады. Олар бүгінгі санамен өмірді байқауға, өмірді бастан кешіруге, қоғам мен өмірді жоғары және терең деңгейде ойлауға және түсінуге қолдана бастады. Мәдени жаһандану қазіргі қытай әдебиеті үшін сирек кездесетін және іске асырылмаған тарихи мүмкіндіктер ашты, сонымен қатар шығыс және батыс мәдениеттері арасында қызу қақтығыстар мен екі жақты таңдау тудырды.

Идентификация (身份认同 – identity) бастапқыда адамның жеке басын білдіретін философиялық және логикалық ұғым болды, кейін психоанализ бір кездері жеке бас психологиялық дағдарыс проблемасын шығармашылықпен алмастырды. Өзін-өзі танудың бұл теориясы әркімнің жеке басының саналы сезімі, бірлігіне деген ұмтылысы және белгілі бір өмірлік идеалдардың сәйкестігі. Өзін-өзі танудың бұл түрі адамның жас кезінде қалыптасады, сондықтан жас кезінде өзін-өзі танудың ауыр дағдарысы болады. Егер сіз өзіңіздің кім екеніңізді, өміріңіздің мақсатын және басқаларға қалай қарау керектігін, осындай негізгі сананы сәтті анықтай алмасаңыз, бұл шатасуға және өмірдің әр түрлі сәтсіздіктеріне әкеледі. Жеке бас мәселесін адам немесе мәдени тұлға проблемасына айналдыру үшін ол келесі мәселелерді шешуі керек: «мен кімін?», «мен қайдан келдім?», «мен қайда бара жатырмын?» деген сұрақтар өзін-өзі растау стандартына ие және адамдар немесе мәдениеттер әлеммен тіл табысқан кезде белгілі бір бағытқа ие болады. Жеке бас мәселесі мәдени дәстүрлер проблемасымен тығыз байланысты [6].

Ашық есік саясатынан кейін қытайлықтар осы нәрсені жоғалтқандай болды. Қытай халқы да саяси және тез экономикалық өзгерістердің әсерінен өздерінің қайда бара жатқанын, бағытын толық түсіне алмады. Міне, осы жағдайда «тамыр іздеу» ұлттық мәдениеттегі алаңдаушылық пен дағдарыстың сезімінен туындады, бұл жазушылардың мәдени ұстанымы мен ұмтылысын көрсетті. Олар ұлттық мәдениетті өзін-өзі тану арқылы одан әрі ояту керек деген ойды ұстанды. Олардың ойында тек осылай ғана ұлттық мәдениетті қайта жаңғыртып, ұлт ретінде өзгемен тең боламыз деп идентификациялану үрдісі жүрді.

«Тамырын іздеушілер» тенденциясының жазушылары өздерінің шығармашылық тәжірибесінде идентификациялану процесін қалай жүзеге асыру жайында олар ұзақ ойланып, ұлттық мәдениеттің өзіндік сәйкестігін растау үшін бірнеше әдістерді қолданды. Тамыр іздейтін бірқатар авторлардың мәтіндерін зерделедік.

Өзін-өзі сәйкестендіруді растау процесінде тамыр іздеушілер тенденциясының авторлары алдымен қытай тілінің өміршеңдігі мен руханиятын жандандыру және көрсету үшін өз шығармаларында қытай тілінің дәстүрлі өрнегіне оралуға тырысады. Тілдің әдебиет үшін маңыздылығы әрқашан жоғары болды. Дыбыс пен мағынаны біріктіретін жүйе ретінде ол әдеби құралы болып табылады. Жергілікті тіл мен жергілікті мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты және жергілікті тілдегі білім беру құрылымын, ұлттық ойлау тәсілін, психикалық жағдайды білдіреді. Сондықтан шығыс пен батыс арасындағы ғасырлық мәдени қақтығыста зиялы қауым қытай тілінің өзгеруіне аса назар аударды. Хан Шаогун осыған байланысты: «当一切都行将被汹涌的主流文明无情的整容, 当一切地貌、器具、习俗、制度、观念对现代化的抗拒都力不从心的时候, 惟有语言可以从历史的深处延伸而来, 成为民族最后的指纹, 最后的遗产» - бәрі тасқындап дамып, ежелден келе жатқан өркениетті аяусыз өзгерткен кезде, рельефтің барлық формалары, техникасы, әдет-ғұрыптары, жүйелері мен тұжырымдамалары модернизацияға қарсы тұра алмайтын кезде, тек тіл тарихтың тереңінен шығатын соңғы саусақ ізі және ұлттың соңғы мұрасы бола алады», - деді. Бұл сөздерді «тамыр іздеуші» жазушылардың жалпы дауысы ретінде де қарастыруға болады [7].

Дәстүрлі қытай өрнектеріне оралу арқылы өзіндік ерекшелігін тапқан «тамыр іздеушілер» тенденциясының типтік авторлары – Ачын мен Цзя Пинва. Олар бірге классикалық қытай тілін қайтаруға дайын әрі ол іске аса құштарлықпен кірісті. Қытай жазушының «白描-контурлы сурет» сипаттамаларын мұра ету негізінде олар жеке түстерге бай заманауи қайта құруды жүзеге асырды және «тамыр іздеушілер» әдебиетінің мәдени сәйкестігі үшін құнды лингвистикалық әрекет жасады. Француз ағартушылығының ізашары Вольтер Қытай әдебиеті туралы: «Қытай шығармаларында басқа шығыс елдерінің стилінен мүлдем өзгеше болатын ақылды құрылым мен қарапайым шынайылық басым», - деп таң қалды. Мұнда Вольтер дәстүрлі қытай әдеби тілінің басты ерекшелігін, тілдің стильдік сипаттамасын атап өтті, яғни ол қысқа сөздердің көмегімен «экспрессивтілікке» назар аударады.

Тамыр іздеушілер тенденциясының өкілдері өз туындыларының формасында «жергілікті әдебиетті» негізге алды. Шығу себебін айтып өтер болсақ, Материктік Қытай, әсіресе «Мәдени революция» кезеңінен кейін, сол кезеңдегі романдарда аймақтар мен әдет-ғұрыптардың сипаттамалары толықтай берілмеген немесе жоғалып кеткен. 1980-жылдары көптеген жазушылар халықтың әдет-ғұрпы мен белгілі бір аймақтардағы адамдардың күнделікті өмірін көркем әдебиетте түсіндірді және жеке адамның тағдырын қоғам мен ұлттық тарихтың терең көрінісімен біріктіруге болатынын негізге алды. Сюжеттік тақырыптарды таңдай отырып, тамыр іздеуге бағытталған әдебиет авторлары негізінен ауыл өмірін романдарының нысаны ретінде пайдаланады. Мұндай тақырыптар қазіргі қала өмірінің бейнесінен өзгеше. Тамырын іздеу тенденциясының әдеби шығармаларында оқырман әдемі әрі бай сипатталған пейзаждық суреттер мен дәстүрлі мәдениеттің жұрнақтары, әдет-ғұрыптарды көре аламыз. Шығармалардың бұл ерекше сипаттамаларына сүйенсек, мұндай тақырып қазіргі дамып келе жатқан қоғамда қозғалатын тақырыптарға қайшы келеді. Бірақ туындылардың терең мағынасы тұрғысынан тамырын іздеуші тенденциясының әдебиет авторлары да қазіргі заманның өзіндік түрін қайта құрды [8].

Осы бағыттардағы шығармаларды мысалға келтірер болсақ, Цзя Пинваның бірқатар эсселері мен романдарында, оның ішінде Шэньсидің таулы аймақтарының табиғи және

мәдени ландшафттарының сипаттамалары бар. Ли Ханюйдің Чжэцзяндағы Гечуан өзені маңындағы халықтардың әдет-ғұрыптарын зерттеуге арналған бірқатар романдары бар.

Ли Руйдің Шаньси провинциясының Люлян аймағының жергілікті тарихы мен әдет-ғұрыпның керемет бейнесі оның шығармаларында көрініс тапқан.

Лю Синвудың «钟鼓楼-қоңырау және барабан мұнарасы» және «四牌楼- төрт мұнара», тағы басқа көлемді жұмыстарында Бейжің қаласындағы қарапайым азаматтар өмірінің әртүрлі аспектілеріндегі әлеуметтік өзгерістер мен мәдени өзгерістер арасындағы байланысты суреттеген.

Тамыр іздеудің көптеген теориялары 1984 жылы Ханчжоуда өткен конференциядан кейін жарияланғандықтан, бұл конференция әрқашан тамыр іздейтін әдебиет өкілінің маңызды бастауы ретінде қарастырылды және жоғарыда аталған теориялардың арқасында тамыр іздейтін әдебиеттің мақсаты «мәдениеттің тамырына» ұмтылу екендігі анықталды. Әдеби ойдың тамырын іздейтін тенденциясы мен тамыр іздейтін алғашқы жұмыстардың бағыты арасындағы айырмашылықтар мен байланыстар аз талданады. Сонымен қатар, тамыр іздейтін авторлардың алдыңғы және кейінгі туындыларына жалпы талдау аз, бірақ бетінде мәдениетті көрсете алатын жеке жұмыстар типтік ретінде таңдалады. Кейбір теоретиктер А Чэннің зерттеуіне байланысты былай деді: Әдебиетшілер ұзақ уақыт бойы А Чынның шығарма жазуда шешуші әсер ететін өте маңызды факторды, атап айтқанда, «тарих» факторын елемеді. Тарихтың әсері А Чэннің шығармашылық ойлауы мен эстетикалық психологиясын тамыр іздейтін басқа жазушылардан мүлдем өзгеше етті, бұл оның ерекшелігі» [9]. Шын мәнінде, қазіргі әдеби үрдістердің тез өзгеруіне байланысты зерттеушілер жазушы шығармасының дәйектілігін және үздіксіз әрі толық теориялық даму мүмкіндігін зерттеуге аз уақыт арнады. Сонымен, тамыр іздейтін әдебиеттің үрдісіндегі осы «тарихи» факторды елемеу тек А Чынға ғана емес, сонымен қатар, тамыр іздейтін басқа авторларға да тән. Бұл маңыздылық тек жұмысты құруда ғана емес, теорияларды дамытуда да көрінеді. Әдебиет тарихы әрқашан Хан Шаогунның «爸爸爸爸», Ван Аньидың «Сяобажуан», А Чынның «Шахмат патшасы» және т.б. тамырларды іздейтін әдебиеттің өкілі ретінде қарастырды және олар дәстүрлі мәдениеттің теріске шығарылуын, ауытқуын және расталуын осы шығармалар арқылы көрсете білді.

Шын мәнінде, тамыр іздейтін жазушылардың өз туындыларын түсінуі және тамыр іздеудің теориялық дамуы Ханчжоудағы конференциядан кейінгі «мәдениет» пен «тамыр» теориясына қатты әсер етті. Мысалы, А Чын бұл туралы былай дейді: «如果说中国传统是孔子、老子、庄子的东西，那确实确实是从中国的生活当中来 – Егер Қытай дәстүрі Конфуций, Лаоцзы және Чжуан цзы материалы болса, онда олар іс жүзінде Қытай өмірінен алынған», «我们作为中国人，生活在自己的环境里面 – Біз қытайлық болғандықтан, өмір де өз айналамызда», яғни «无儒不在 – бұл ілімдер болмаса басқалары да болмайды» [10]. Мәдени революцияның аяқталуына орай жазушылар тағы да әдебиеттің қоғамды ағартуы туралы айта бастады. Әдебиет тарихының дамуына сүйенсек, ағарту тақырыбы төртінші мамыр кезеңінде шығармашылықтың басты назарында болды. 1980-жылдардағы ағартушылықты төртінші мамыр әдебиеті тақырыбының жалғасы ретінде қарастыруға болады, ол ұлттың жан дүниесін өзгертеді. Тамыр іздейтін әдебиет қазіргі гуманистік қамқорлықты толығымен бейнелейтін баяндау тақырыбында ағартушылық сана мен дәстүрлі мәдениеттің үйлесімін қолданады. Тарих тақырыптарын таңдау тұрғысынан тамыр іздейтін әдебиет халықтың дәстүрлі мәдениетінің негізіне көбірек енеді және дәстүрлі мәдениетке терең үнілуден тұрады, бұл сонымен қатар тамыр іздейтін әдебиеттің негізгі рухани құндылығы болып табылады. Дәстүрлі әдебиеттерді іздеу кезінде бұл негізінен конфуцийшілдік, даосизм және дәстүрлі мәдениеттегі интерпретация көбеюінен көрінеді. Конфуций мәдениеті – дәстүрлі қытай мәдениетінің орталығы және конфуцийшілдік,

даосизм және интерпретацияның үш мектебі шығармаларда бір-бірімен тығыз байланысады және бір-біріне кірікті. Ван Аньи Конфуций мәдениетінің негізгі идеясының айналасында мейірімді және әділ «Сяобао чжуанды» жазды. Даос мәдениетіне келетін болсақ, А Чын «Шахмат патшасында» оқырманға жақсы түсінік берді. Басты кейіпкер Ван өмір бойы шахматты өмір ретінде көреді. Ол ынта мен алға ұмтылусыздықтың шекарасына жетіп, ақырында даосизмдегі «天人合一—адам мен табиғаттың бірлесуіне» [11, 108-б.] келді.

Тамырын іздеушілер тенденциясы белгілі бір дәрежеде тілге де өз әсерін тигізді. Әрине, әдебиетте тіл бірінші орында тұрады. Жазушы өзінің стиліне байланысты романды құрастырғанда оқиғаны сипаттау кезінде эмоциясына, шығарманың атмосферасына байланысты сөзді, сөйлеу стилін таңдайды. Сол себепті шығармалар әртүрлі болып келеді. Дегенмен, әр дәуірдің өзіне тән сөйлеу формасы, сөздерді қолдану үлгісі болады. Тамырын іздеушілер тенденциясының өкілдерінің негізгі ойы қайта оралу және ұлттың негізіне оралу болғандықтан, олар барынша өздерінің түпкі тамыр, туған жеріне сай сөйлеу стилін, диалектін, формасын негізге алды. Тағы бір айтатын жайт, бұл кезеңнің жазушылары жоғарыда айтқан тарихты негізге алғаннан кейін классикалық қытай әдебиетіндегі жыр, миф, аңыздарды өз шығармаларына қосып жазды.

Мысалы, Хан Шаогунның «爸爸» романында ол 古代词语 – көне сөздерді қолдануды жөн көрді. Шығармадан үзінді келтірер болсақ: «妈妈赶来, 横眉横眼地把他拉走, 有时还拍着巴掌, 拍着大腿, 蓬头散发地破口大骂。骂一句, 在大腿弯子里抹一下, 据说这样就能增强语言的恶毒。“黑天良的, 遭瘟病的, 要砍脑壳的! 渠是一个宝(蠢)崽, 你们欺侮一个宝崽, 几多毒辣呀! 老天爷你长眼呀, 你视呀, 要不是吾, 这些家伙何事会从娘肚子里拱出来? 他们吃谷米, 还没长成个人样, 就烂肝烂肺, 欺侮吾娘崽呀! ……»» [8]. Шығармадағы 鸡头寨 – Чжитоу ауылының адамдары ‘看’ сөзінің орына ‘视’ны; ‘说’ сөзінің орына ‘话’ны; ‘站立’ сөзінің орнына ‘倚’; ‘睡觉’ сөзінің орнына ‘卧’; ‘他’ сөзін ‘渠’не ауыстырып жазған. Романда мұндай тілді қолдану Чжитоу ауылының аймақтық ерекшеліктерін толығымен көрсетеді, сонымен қатар романның эстетикасын арттырады.

Оқырмандар бұл кезеңді оқи отырып, жазушылар өз шығармаларында 方言–диалектпен қатар, 俚语–сленг сөздерді де, балағат сөздерді де көре алады. Бұның бәрі жазушылардың шынайы түрде халықтың тілін көрсетуі үшін еді.

Жазушы көркем әдебиет тұжырымдамасын өзгертуге итермелеген өмір перспективасындағы өзгерістерді бақылайды және соны негізге алады. «Тамырын іздеушілер» тенденциясының өкілдері Қытайдың ескі әдебиетіне назар аударып, мифтік форманы құрудың жаңа әдісін тапты. Мифологияның мәні көп қырлы және әдебиеттің тамыр іздеуге деген мәдени ұмтылысы мифологияға кем дегенде үш аспект бойынша сәйкес келеді: Біріншіден, мифологияның практикалық функциясы тұрғысынан бұл қарапайым адамдардың табиғи ғаламға және адамзаттың бастапқы рухани мінез-құлқына реакциясы. Маркс: «кез-келген миф қиял мен қиялды табиғи күштерді жеңу, табиғи күштерге үстемдік ету және табиғи күштерді елестету үшін қолданады»,–деп сенді. Әр халықтың өз мифтері мен аңыздары бар. Мифологияда олар ғаламның пайда болуы мен адамзаттың пайда болуы туралы ойларын, сондай-ақ эмоциялар мен жел, жаңбыр, күн күркіреуі, айдаһарлар, жыландар, жолбарыстар және адам этикасы арасындағы байланысты түсінеді. Мифология гуманистік тарихтың қайнар көзі болып табылады және оның рухы ұлттың гуманистік тарихына енеді. Тамыр іздейтін әдебиет тарихты мифологиялық формаларды құратын, осы терең және ежелгі мифтермен байланысатын және сол алыс және жұмбақ тарихи құпиялармен байланысатын шығармалар арқылы іздейді. Белгілі бір мифологиялық атмосфераны құрады, сонымен қатар, одан шабыт пен түсінік алу үшін осы атмосферада жоғалып кеткен тарихи суреттерді модель деп түсіну маңызды. Міне, бұл «тамыр іздеуші»

әдебиет пен мифология арасындағы алғашқы сәйкестік. Екіншіден, мифология қазіргі заманғы өнердің, ғылымның, философияның және діннің бастауы ретінде мифология адам рухының, қиялының бастапқы жалпы көрінісі болып табылады. Қарапайым адамдардың ұжымдық бейсанасы мифологияда әртүрлі архетиптер түрінде ашылады. Өнер ұжымдық бейсаналық деңгейге жалғыз көпір ретінде қарастырылады. Осылайша, қазіргі адамдардың мінез-құлық үлгілерін модельдеу арқылы қазіргі адамдардың өмірінде жасырылған әртүрлі ежелгі архетиптер ашылады. Осы сезімдер мен қазіргі заманғы адамдардың өмір салтына сәйкес белгілі бір түсінік берді. Бұл өз шығармаларында тамыр іздейтін жазушылар жасаған әрекет. Үшінші, мифологияның метафоралық және символдық функциясы – тамыр іздейтін әдебиет пен мифология арасындағы байланыстың тағы бір нүктесі. Мифологиялық ойлауға тән белгісі – символизм. Символизмнің бұл түрі кең таралды. Рационалды ойлау тұжырымдамалық логикалық ойлау арқылы жүзеге асырылады, ал мифологиялық ойлау бейнелер жүйесінің метафораларына сүйене отырып жүзеге асырылады. Гегель мифологиялық ойлаудың осы сипаттамасы туралы: «ежелгі адамдар миф жасау дәуірінде поэзия атмосферасында өмір сүрді». Тамырын іздеушілер тенденциясының субъективті мақсаты – тарихи байланыс және тарих пен мәдениеттің мұрасын зерттеу. Мифтердің «тамырын іздеушілер» тенденциясындағы көрінісін екіге бөлсек болады: 1. Шығарма табиғат пен тарихқа виртуалды мифтер түрінде жауап береді, эмоционалды кескін жүйесі арқылы тарихты қалпына келтіреді және біздің ұлттың әлеуметтік және мәдени формаларына еліктейді. Әлемді құру мифі сияқты барлық ұқсас әңгімелер жабық ортада жүреді және бұл жабық орта құлдырап жатқан клан елінің прототипі болып табылады. [12, 155-6]. Қытай феодалдық қоғамының автократиялық билігі туысқандыққа негізделген патриархалды жүйенің арқасында қол жеткізілді. 《爸爸》 еңбегіндегі 鸡头寨-Чжитоу ауылы, 《古船》 - дағы Лива мекені және 《小鲍庄》 шығармасындағы Сяобаожуан ауылы – бұл кландар түрінде өмір сүретін кішкентай аймақтар. Әр түрлі халықтық әдет-ғұрыптар, адам этикасы, этикет және мінез-құлық қан туыстарының кішкентай аймағында дамыды. 2. Әлемді құру туралы панорамалық мифтер түріндегі романдардан айырмашылығы, тамырларды іздеуге бағытталған романдар қарапайым адамдардың мінез-құлық әдеттері арқылы дәстүрлі мәдениеттің шектеулі жағдайында адамдардың ойлау тәсілі мен мінез-құлқын зерттейді және тарих пен мәдениеттің әсерінен қарапайым адамдардың өмірлік көзқарастары мен өмір сүру жағдайларын білдіреді. Автордың көзқарасы шындықты мүмкіндігінше айналып өтеді және шындық пайда болғаннан кейін тарихтың болуына таралады. Сондықтан оның нақты мінез-құлқы шындықтың мағынасын ғана емес, сонымен бірге жинақтау ретінде де айқын көрінеді – бейсаналық психологиялық және мінез-құлық тенденцияларының жинақталуы. Бұл мифологияға ұқсас. Мифологиядағы кейіпкерлердің мінез-құлқы – бұл ежелгі адамдардың ұжымдық бейсаналық жиынтығы және мұндай шығармалар ұжымдық бейсананың бақылауындағы кейіпкерлердің қалыпты өмірін саналы түрде ашады. Бұл тұрғыда мұндай туындылардың сыртқы формасы шынайы романға ұқсас болғанымен, олар мифологияға жақын. Адалдық, сypайылық және әділдік – бұл дәстүрлі қытай мәдениеті орнатқан мінез-құлық кодекстері, мектептің негізі ретінде отбасының қажеттілігі туралы ілім бар. Тарихи өзгерістер барысында ол халықтық әдет-ғұрыптар мен фольклорға біріктірілді. «Сяобаожуанда» Лаочжа ізгілік пен әділдіктің көрінісі және Чжэн Ванлоң шығармаларындағы кейіпкер де осы қасиеттерге ие. Цзя Пинва, Ли Ханю де дәстүрлі салтанатты кескіндемеге жаңа жарқын түстер қосқанды ұнатады, бұл жаңа нәрселер алдында жүректің дәстүрлі толқуын көрсетеді [13, 180-6].

Қорытынды

Қытайдың әдебиет саласында «жаралы әдебиеттен» «кері ойлау әдебиетіне» өтіп, одан әдебиет бағытында реформалар жүргізіліп, реалистік бағытты ұстанған көп бағдарлы осы

заман әдебиеті қалыптасты. Осы кезеңде ұшқыр қиялымен тартымды фантастиканы ұластырып, өз «тамырын іздеушілер» әдебиеті дами бастады. Қытай сахнасында (тіпті өз туған жеріне) табанын мықтап тіреген, дәстүрлі әдеби шеңберді бұзған, бірақ қытайлық (4 мамырдан бергі) жаңа әдебиет дәстүріне (гуманизмнің әлемге ортақ құндылықтарына) жақсы мұра қалдырған, тұсаусыз да жанкешті, дарынды да еңбекшіл қаламгерлер пайда болады.

Олар күшті фантастикалық қуат пен батыл инновациялыққа толы, сан қырлы, аса қиялшыл да елестеткіш, бейнелеуге шебер, ерекше субъективті сезім әлемін жасады. Мысалға, дүлдүл мініп ғарышты шарлады, сырлы трансцендентті объективті дүниені сомдап, айқын авангардтық рең берді. Осылайша, қытайлық сиқырлы реализм ресми түрде дамыды.

Әдебиетте қытай әдеби сыншыларының сөзімен айтқанда «ғасырлық ауру», «өтірік жазу», «жалғыздықты жырлау» тақырыптарында жазып, «алда жүргендер» әдебиеті пайда болды. Қорыта келгенде, бұдан бұрынғы әдебиет саяси рең алып, адамгершілікті басты мақсат етіп жазу арқылы адамды тәрбиелеу құралы болды. Ал 1985 жылдан кейінгі әдебиет нағыз қоғамның шындығын жазуға кірісті, ақты ақ, қараны қара деп бұрынғы қоғамда қалыптасқан заңдылықтардың тас-талқанын шығарып, өз оқырмандарына жаңаша ойлауды үйретті. Оқырман әдебиет адамды тәрбиелейді деген ұғымға күдікпен қарай бастады, бірақ жазушылар керегінді сүзіп алу өзіне байланысты деген көзқарасты ұстанды. Әрине, Қытайдың саяси жүйесі мен экономикалық жүйесі үлкен өзгерістерге ұшыраған кезде, ескі сана мен ескі идеялар адамдардың санасының тереңдігінде қалады. Тамыр іздейтін авторлар адамның мінез-құлқын оларды білдіру үшін осы ескі сана мен ескі идеялардың тасымалдаушысы ретінде қолданады. Бір жағынан, олар шындық пен бірегейлік туралы тарихи түсініктерді көрсетеді, ал, екінші жағынан, олар мифологияның белгілі бір сипаттамаларын көрсететін стильді алға тартады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 陈鹏：《把握文艺方向，繁荣文艺创作》，《人文天下》 журналы，2014年12月刊，总第37期。
2. 浓德乐主编。中国现当代学（上册）北京：《高等教育出版社》，-1986-376页
3. 3.韩少功：《世界：灵魂的声音》长春：吉林人民出版社，1996-215页
4. 4.李杭育：《理一理我们的‘根’》《作家》，1985年6月总第6期。
5. 贺桂梅：《“新启蒙”知识档案》，北京大学出版社，2010年3月-387页
6. 6.洪子诚：《中国当代文学史》北京大学出版社出版，2023年503页
7. 邓楠《论寻根文学的美学追求[J]. 批评世界》 журналы 2005(1).
8. 李洁非：《寻根文学：更新的开始（1944-1985）》//《当代作家评论》1995年第4期。
9. 韩少功：《信息社会与文学前景》，《新创作》 журналы,1985年第1期。总第十六期,第43-47页。
10. 金莉莉：《中国现当代文学史（上）》教学大纲.08.08.2022.
11. Абдырақын Н. Жаңа заман қытай әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 217 б.
12. Абдырақын Н., Бисенбаева Ә. Қазіргі заман қытай әдебиеті (I бөлім): оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2022. – 219 б.
13. Абдырақын Н., Бисенбаева Ә. Қазіргі заман қытай әдебиеті (II бөлім): оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2023. – 206 б.

REFERENCES

1. Chén Péng. Bǎwò wényì fāngxiàng, fánróng wényì chuàngzuò [Grasp the direction of literature and art, and prosper literary and artistic creation] // Rénwén tiānxià. – 2014. – №37. [in Chinese]

2. Nóng dé lè zhǔbiān. Zhōngguó xiàn dāngdài xué (shàngcè) [Editor-in-Chief of Nong Dele.Chinese Modern and Contemporary Studies (Volume 1)]. – Běijīng: Gāoděng jiàoyù chūbǎn shè, 1986. – 376 yè. [in Chinese]
3. Hánshǎogōng. Shìjiè: Líng hún de shēngyīn [The World: The Voice of the Soul]. – Zhǎngchūn: Jílín rénmin chūbǎn shè, 1996. – 215 yè. [in Chinese]
4. Lǐhángyō. Lǐ yī lǐ wǒmen de ‘gēn’ // Zuòjiā. – 1985. №6. [in Chinese]
5. Hèguīméi. “Xīn qǐméng” zhīshì dǎng’àn [“New Enlightenment” Knowledge Archives]. – Běijīng: Běijīng dàxué chūbǎn shè, 2010. – 387 yè. [in Chinese]
6. Hóngzíchéng. Zhōngguó dāngdài wénxué shǐ [History of Contemporary Chinese Literature]. – Běijīng: Běijīng dàxué chūbǎn shè, 2023. – 503 yè. [in Chinese]
7. Dèngnán. lùn xúngēn wénxué dì měixué zhuīqiú [J] [On the Aesthetic Pursuit of Root-seeking Literature [J].] // Píping shìjiè. – 2005. – №1. [in Chinese]
8. Lǐjiéfei. Xúngēn wénxué: Gēngxīn de kāishǐ (1944–1985) [Root-seeking Literature: The Beginning of Renewal (1944-1985)] // Dāngdài zuòjiā pínglùn. – 1995. – №4. [in Chinese]
9. Hánshǎogōng. Xìnxī shèhuì yǔ wénxué qiánjǐng [Information Society and Literary Prospects] // Xīn chuàngzuò. – 1985. – №1. – P. 43–47. [in Chinese]
10. Jīn lì. “Zhōngguó xiàn dāngdài wénxué shǐ (shàng)” jiàoxué dàgāng [Syllabus of “History of Modern and Contemporary Chinese Literature (Part 1)”]. 08.08.2022. [in Chinese]
11. Abdyraqyn N. Jańa zaman qytai adebieti [Modern Chinese literature]: oqu quraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 2013. – 217 b. [in Kazakh]
12. Abdyraqyn N., Bisenbaeva A. Qazirgi zaman qytai adebieti (I bolim) [Modern Chinese literature (part I)]: oqu quraly. – Almaty: Daryn, 2022. – 219 b. [in Kazakh]
13. Abdyraqyn N., Bisenbaeva A. Qazirgi zaman qytai adebieti (II bolim) Modern Chinese literature (part II): oqu quraly. – Almaty: Daryn, 2023. – 206 b. [in Kazakh]